

## **№11 дәріс. Экскурсиялық іс жүйесіндегі музей экспозициясының өзекті мәселелері.**

### **Дәріс жоспары:**

1. Жаңа экскурсияны дайындау сатылары
2. Экскурсияны дайындаудың 15 кезеңі
3. Экскурсияның қызықты өтуіне әсер ететін факторлар

Мақсаты: Музейдегі маңызды нысандарды зерттеу арқылы ең өзекті деген объектілерге тоқталуға көмектеседі.

Жаңа экскурсияны дайындау күрделі іс болып табылады. Оған бірнеше адам, тіпті, үлкен ұжым мүшелері атсалысуы мүмкін. Бастапқы кезде экскурсияны дайындауда бұрын жиналасып өткізіп, оған әдіскер мамандарды, өзге де ұжым мүшелерін шақырған абзал. Сосын жүретін маршрут, айтылатын әңгіме-баян сұлбесі, экскурсия уақыты, т.б. көшпілік талқысынанөтуі тиіс. Сол кезде негізгі іс-әрекеттің, келешекте атқарылатын жұмыстың нобайы қатысушылар тарапынан айқындалынаады. Практикада белгілі болып отырған жайт, жаңа экскурсияны дайындауга, әдетте, 3-7 қызметкер тартылады. Олар педагогика мен психология, логика ілімдерін меңгерген экскурсия жүргізуши мамандар, тәжірибелі музей қызметкерлері, тіпті, басқа мекемелердің (жоғарғы оқу орны, мектеп, т.б.) қызметкерлері де болуы ықтимал. Жаңа экскурсияны үйимдастыруши (шығармашылық топ жетекшісі) олардың әрбіріне экскурсияға қатысты белгілі бір тапсырмалар беруі не болмаса дайын маршрут бойынша өз ойларын ортаға салуыларын өтінуі мүмкін.

Мамандардың айтуына қарағанда, жаңа экскурсияны дайындау негізгі үш сатыдан өтеді. Бірінші сатыда, материалдар жинастырылып, олар зерттелінеді, яғни тақырып бойынша нысандар таңдалынаады, олар жайлы ғылыми және ғылыми-көшпілік материалдар сұзгіден өтеді, экскурсия мақсаты мен міндеттері айқындалынаады. Екінші сатыда, экскурсияның өзі дайындалынаады. Бұл кезде экскурсия маршруты құрастырылады, материалдар өңдеуден өтеді, экскурсия мазмұны белгіленеді, бақылау мәтіні жазылады, экскурсия жүргізу әдістемесі сараланады, көрсетілім мен әңгіме-баянның ең тиімді әдістемелері таразыланады, жаңа экскурсияның әдістемелік нұсқаулары жасалынаады, уақыты есептелінеді, экскурсияда қолданылатын қызықты да, тартымды жеке мәтіндер қағазға түсіріледі. Ал үшінші сатыда жаңа экскурсия әріптестер алдында қорғалады да, оның негізгі сұлбасы бекітіледі. Соңғы сатыда жаңа экскурсия маршруты бойынша оның ашылуына мүдделі топ жүріп өтуі тиіс. Әрине, жасалынған маршрут аталған топтың мүшелеріне одан бұрын жақсы таныс болуы мүмкін, алайда, экскурсия уақытын есептеу, дем алатын орындарды үйимдастыру, т.б. жайттарды мұқият қарастыру үшін белгіленген маршрут бойынша жүріп өткен лазым.

Жаңа экскурсияны үйимдастыруши топ экскурсияға қатысатын көрермен жасы әркелкі екендігін, яғни оған жас та, кәрі де келетіндігін, ол маршрутпен олардың барлығы жүріп өтетіндігін естен шығармауы тиіс. Сол себепті де жаңа экскурсия адамдарды шаршатып, қажытып жібермейтіндей болып дайындалуы

керек. Экскурсанттарға қажет емес ақпараттар легін тықпаламайтын, олардың қызығушылығына негізделген экскурсияны ұйымдастыру қажет.

Айта кететін бір жайт, мамандар 1976жылдан бері «экскурсияны дайындау сатылары» деген түсінікті қолданып келеді. Сол кезде оның 15 кезеңі айқындалған еді. Олар:

1. Экскурсияның мақсаты мен міндеттерін айқындау;
2. Тақырып таңдау;
3. Әдебиеттерді таңдау және библиография құрастыру;
4. Экскурсиялық материалдар дереккөздерін айқындау. Тақырып бойынша музей экспозициялары мен қорларымен танысу;
5. Экскурсиялық нысандарды таңдау және зерттеу;
6. Экскурсия маршрутын құрастыру;
7. Маршрутты айналып өту;
8. Экскурсияның бақылау мәтінін дайындау;
9. «Экскурсия жүргізуші портфелін» жинақтау;
10. Экскурсия жүргізудің әдістемелік тәсілдерін айқындау;
11. Экскурсия жүргізудің техникасын анықтау;
12. Әдістемелік нұсқаулықтар құрастыру;
13. Жеке мәтіндерді құрастыру;
14. Экскурсияны қабылдау (тапсыру);
15. Экскурсияны бекіту.

Жоғарыда айтылған «кезендер» (сатылар) аттары айтып тұрғандай бірқатар іс-шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Оқырманға «маршрутты айналып өту» секілді пункттер түсініксіз болуы ықтимал. Алайда, бұл жерде құрылыштар немесе қофамдық-саяси қозғалыштар, өзге де жұмыстар әсерінен алдын ала белгіленген маршрут белгілі бір уақытта жабық болуы мүмкін. Сол кезде айналма маршруттар, тіпті, көліктің келуіне қолайлы жерлерге қарай маршруттың кейбір бөліктері өзгерістерге ұшырауы ықтимал. Дегенмен, бұл сатыдағы негізгі жұмыс белгіленген маршрутпен топты алып жүру, жолай алуан түрлі нысандарды тамашалау, негізгі нысанды көру нұктelerін белгілеу, нысанмен таныстырудың тиімді әдістемесін жасау, көрсетудің қолайлы жолдарын қарастыру секілді көптеген іс-шараларды қамтиды.

Экскурсияның қызықты өтуі ескерткішке тікелей қатысты. Көрсетілетін нысанның танымдық маңызы сондықтан да әрдайым жоғары болады. Нысанға ерекше назар аударту бірінші кезекте карточкадан басталады. Онда нысан фотосы мен мынадай мәліметтер:1) нысан атавы (алғашқы және қазіргі);2) ескерткішке қатысты тарихи оқиға, оның мерзімі;3) нысанның орналасқан жері, оның мекенжайы (қала, кент, өндірістік кесіпорын, т.б.);4) ескерткішті сипаттау (оған келу, оның авторы, салынған жылы, салынған материалы, мемориалды мәтін);5) ескерткіш туралы дереккөздері (ескерткіш пен оқиға айтылған әдебиет, архив мәліметтері, ауызша аңыз-әпсаналар, негізгі баспа жұмыстары мен жарияланбаған жұмыстардың сакталып тұрған жері);6) ескерткіштің сакталу жай-күйі (соңғы рет жүргізілген ремонт мерзімі, қайта жанғырту, т.б.);7) ескерткішті қорғау (қорғау кімге жүктелгендей);8) ескерткіштің қандай

экскурсияларда пайдаланылатындығы; 9) карточканың жасалған мерзімі, құрастырушының аты-жөні мен қызметі болды.

Музей – халықтың қазынасы мен мұрасын ыждағаттылықпен жинақтап-сақтап отырған ғылыми-мәдени, рухани мекемелердің бірі. Музей экспонаттары – халық тарихы мен өнерінен сыр тарқататын талай замандардың тірі күелары. Олар – халықтың ұзак ғасырлар бойындағы тірлік-тынысының айқын көрінісі, салт-дәстүрлердің жарқын іздері. Музейдің негізгі қызметі құндылықтарды сақтау, келер үрпаққа жеткізу болып табылады. Қоғамның өмір сүру дағдысының жаһандануы мен интеграциясы музейдің қызметі мен әдістерін қайта қарауға мәжбүр етті. Ғылыми-біліми мекеме ретінде ұзак жылдар бойы қалыптасқан музей қоғам үшін жабық, кей тұста құпия болып келді. Қазіргі уақытта барлығы басқаша. Музей сыртқы қоршаған ортаға ашық, қоғамның даму процесіне белсенді қатысушы ретінде көрініп жур. Музей мен қоғам арасындағы байланысқа әсер ететін басты фактор – халықты музейге келтіру, аудиторияны кеңейту. Тек топқа ғана емес, топтың ішіндегі әрбір экскурсантқа көңіл бөлу, сұрағанын түсіндіру – музей стратегияларының біріне айналды. Қазіргі таңдағы музейлер әлеуметтік даму мен мәдени қоғамның қалыптасуына үлес қосуға ұмтылыс үстінде. Оның ішінде музей экспонаттарының көмегімен жастарды (оқушылар, студенттер, т.б.) тәрбиелеу, оларға білім беру – алдыңғы жоспарда тұр. Ендеше, әлеуметтік мәдени және мәдени шығармашылық ортаны құруды, оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдауды, оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуді оқу орны өзі ғана емес, музеймен бірігіп атқарса, нәтиже айқынырақ болары анық. Өйткені, музей – белгілі бір тұлғаны қоғамнан тыс мәдениет әлеміне кіргізіп, биігіне шығаратын бірден-бір орын

3

Кеше ғана музей экспозициясының сапасы музей коллекциясына бағытталған дәстүрлі ғылыми схемамен анықталса, қазіргі таңда музей экспонаттардың әрқылы орналасуымен және аудиториямен жұмыс істеудегі жаңа формалармен ерекшеленеді. Заманауи мәдениет пен мәдениетаралық коммуникация әсерінен музей қызметкерлерінің және музейге келушілердің санасы мен қабылдауы өзгеруде. Бүгінгі таңда қоршаған әлем ақпараттық және материалдық қор терендігіне деген жүйелілік ықпалды музейден қажет етіп отыр. Бұл тенденция музейдің рухани құндылықтардағы генерацияны табуға итермелейді. Бұл мақсат-міндеттерге жету үшін интеграция жолға қойылды. Ол – бірігу, жақындау және білім берудегі байланыс.

Музей мен оқу орындардың интеграциясы екі мекеменің де білім беру функциясын жоғарылатты. Музей әлеміне оқу орындардың еркін кіре бастауы музей педагогикасының қарқынды дамуына алып келді. Музей педагогикасы (музейтану және педагогика ғылымдарының интеграциясы) жас үрпақты (оқушылар, студенттер, т.б.) музейге тартуға, мәдениет пен ғылымға баулуга, әр тұлғаның бойында шығармашылық қабілетін арттыруға бағытталады. Қөптеген елдерде музей мен оқу орындардың интеграциясы «параллельді білім беру» жүйесі ретінде қаралады. Ол – оқытудағы бірегей мүмкіндіктер, дидактикалық процестің ерекше құрылымы, анықталған контингент, қоғамдық сұраныстан туатын педагогикалық жүйе. Музей мәдени-тарихи диалогты

жүзеге асыратын орынға айналып келеді. Музей монологтан полилогқа ауысуда [2, 112 б.].

Музей мен оқу орындардың интеграциясы нәтижесінде музей педагогикасы өз жұмысын бастады. Аудиториямен, яғни экспурсанттармен жұмыс жасауда Экскурсиялық-көпшілік бөлімінің маңызы зор. Музей педагогикасымен тікелей жұмыс жасайтын осы бөлім болып табылады.

Музей педагогикасының ұстанатын бірнеше бағыттары:

Ақпараттандыру – музей туралы ақпарат алғашқы қадам, яғни музей ісінің негізгі бағыттары мен мақсат-міндеттеріне байланысты сұрақтарға жауап алу. Ол дәстүрлі лекциялар, кеңестер (консультация) көмегімен жүзеге асады. Ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты музейге жаңа технологиялар енуде: ақпаратты компьютер көмегімен беру, ересектерден балаларға дейін қарастырылған жол сілтеу, жоспарларды компьютерлік технологиялармен көрсету, интернет желісіне қосылған ақпараттық киосктерді пайдалану. Ақпараттық жүйелер экскурсияның сапалық көрсетілімін қамтамасыз етеді. Электронды киосктерден экспонаттардың шығу тарихын, экспозицияда орналасуын немесе қорда бар экспонаттар туралы толық мәлімет алуға болады;

Оқыту – қосымша не болмаса альтернативті білім алуға мүмкіндік. Музейде оқытудың ерекшелігі – еріктілік пен бейресми орта. Музейде білім беру жастардың өз мүмкіндіктерін іске асыруымен, қызығушылықтарын қанағаттандыруымен ерек. Оқыту экскурсия, музейлік дәрістер, үйрме сабактары көмегімен жүзеге асырылады. Музейлік дәрістер – музейдің мектеп, лицей, гимназия, колледж, университет оқушылары мен студенттерінің арасындағы жұмыстардың формасы;

Шығармашылық негіздерін дамыту – музейлік ақпаратты алушағы жоғарғы сатылардың бірі. Шығармашылықты көтеру үшін музейде ерекше жағдай жасалған. Салт-дәстүр, мәдениет, тарихқа жастарды үнілдіре отырып, шығармашылықты дамыту. Бұл бағыт студия, шығармашылық лабораториялар, тарихи ойындар түрінде жүзеге асырылады.

Қарым-қатынас – музей мен онда жинақталған коллекция мазмұнына байланысты ортақ қызығушылықтар негізінде іскерлік және достық қатынас орнату. Музей экспонаттар туралы толық мәлімет ала алғашқы орта болуымен қатар, мазмұнды, қызықты және бейресми қатынастар орнатуға үлкен мүмкіндіктер береді. Ол – кездесулер, сайыстар, экспурсия-сабактар, дебаттар, әдеби-әуезді кештер не болмаса қандай да бір дәстүрлі емес формада өткізілетін шаралар;

Демалыс – музей аудиториясының тілектері мен қызығушылықтарына сәйкес бос уақыттарын тиімді өткізу, музейде демалуды ұйымдастыру. Сауықтың бұл түріне жәрменеке, карнавал, Ашық есік күндері, концерттер, «Музей түні» шарасы, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі, т.б. жатады.

Бағыттар сынды музей педагогикасының формалары да үнемі өзгеріп, дамып отырады. Олар көп жыл көлемінде қалыптасты, сонымен қатар, қоғамның сұранысы, ғылыми ізденістер, тарихи оқиғалар әсерінен өзгеріп те отырды.

Мәдени-ғылыми жұмыстың кез-келген формасының басты ұстанымы – экскурсанттардың бейресми ортада білім алына, өзін-өзі дамытуға, ұнататын, қызығушылық туғызатын жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру. Мүмкіндік бере отырып, категориясы мен типіне қарай экскурсанттардың психологиялық ерекшеліктерін де ескерken жөн.

Музей келушілердің (оқушылар, студенттер) бос уақытын қызықты өткізетін орын ретінде ғана емес, нағыз тарихи айғақтардан тұратын мекеме ретінде білім жүйесіне көмекке келуде. Осылайша, музей мен білім жүйесі бірігіп, адамның рухани байлығы мен тарихи білімін қалыптастыру жолында бір бағытта жұмыс жасауды бастап та кетті. Білім жүйесіндегі рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, тарихи-өлкетану тәрбиесін берудегі тәжірибелі музеймен бірлесе отырып жүргізу қазіргі таңда кең өріс алуда. Музей мен оку орны арасындағы байланысқа бағытталған білім берудің гуманитарлық жаңалықтарға ұмтылышы XXI ғасырдағы білім берудің жаңа парадигмасының негізін құрайды.

Музейлік заттар, яғни құндылықтар белгілі бір оқиғалар мен тұлғалар жөнінде ақпарат беретін дереккөз ретінде экскурсантқа эмоционалды түрде әсер ете алады, өткен шаққа, қолөнершінің әлеміне ойша кіру арқылы сол оқиғага, кезеңге қатыстылығын сезіне алады. Дәл осы әдіспен бала журегіне көпір салып, дұрыс өмірлік бағыт алына, өмірдің мәңгілік құндылықтарын түсіне білуіне көмектесуге болады. Оқу орны беретін білім мен тәрбиенің жалғастырушысы, заттай көрнекіліктермен толықтырушы мәдени-ғылыми ошактардың бірі – музей. Музей экспонаттары көмегімен тарихи кезеңдерді толық зертте, заттай деректермен көрсетіп, әр экспонатты сөйлету арқылы білім мен тәрбиені егіз беру музей педагогикасы болып табылады. Музей педагогикасы оқу орындардың үздіксіз білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарып келеді. Білім және тәрбие ошактарының мұғалімдері немесе тәрбиешілері өскелен ұрпақты бірігіп тәрбиелеуге музейден көмек сұрап келуде. Мұғалім бала санасына сіңіргісі келген білімін музей педагогикасына сүйене отырып беруі – музей және білім ордасы үшін де үлкен жетістік. Музей педагогикасының негізгі мақсаты – өкшебасар ұрпақты музейге тарту, тұлғаның шығармашылық дамуын жүзеге асыру. Сондықтан, қазіргі таңда музей педагогикасын инновациялық педагогикалық технология деп қарастырады. Психологиялық зерттеулер музейлік біліми-мәдени кеңістікте көп болатын баланың ой қызметі нық қалыптасатындығын тұжырымдауда. Оқушы мәдениетін қалыптастыру жүйесінде музей педагогикасын инновациялық технология ретінде пайдаланудың қағидалары:

- көрнекілік;
- қолжетімділік;
- динамикалық;
- материал құрылымының маңыздылығы (балаларға қызықты болуы);

- музей коллекцияларымен таныстырудығы жүйелілік, яғни реттілік;
- гуманизм;
- ақпаратты қабылдау кезіндегі балалар фантазиясы мен сұрақтарын ынталандыру, мадақтау, тұлғаны көтермелеу;
- музейлік құндылықтарды менгерудегі балалардың белсенділігі.

Кез-келген экспозицияда келесі логикалық тізбекті ескеру керек: қабылдау – түсіну – ойлап қорыту – бекіту – пайдалану [3, 2 б.]. Осы тізбек дұрыс орындалса, экскурсант ақпаратты жеңіл қабылдап, тез қорытады.

«Музей экспонаттарын қолмен ұстауға болмайды» деген қагида халық жадына сіңіп кеткендігі аян. Швейцар педагогы Иоганн Генрих Песталоцидің «Білім беру процесінде ақыл, жүрек және баланың қолы бірге қызмет атқару керек» деген сөзі бұл қагидаға қарсы тұрады. Экспонатты ерекше етіп көрсету, оны ұстап көруге мүмкіндік беру сынды қағидалар музейдің көрнекілік ұстанымдарына жатады. Кеңес үкіметі кезінде экскурсант бейтарап көруші болып келді, ал қазіргі музейлерде экскурсант – экспозиция жасаушы, шығармашылық процеске қатысушы. Мысалы, «Музей безгегі» ойынын ойнату арқылы балалардың аталар киген мәсіні киоі, қыз балалардың ұршық іруі, соғыс ардагерлерінің таққан медальдарын қолмен ұстап көруі – балалардың сол процеске қатыстылығын сезінуге, экспозицияның шығу тарихына үнілуге, материалды тез әрі жеңіл қабылдауына мүмкіндік береді. Музей шығармашылық тұлғаны қалыптастыратын тәрбиенің ажырамас бөлігіне айналды, әрбір жас өрен музейден шыққанда ой-өрісінің бір сатыға көтерілгенін байқап, өмірге деген үлкен сенімділіктің пайда болғанын аңғарады.

Ақпараттық қоғамның даму жолында мәдени-ағарту мекемелеріне үлкен міндеттер жүктелуде. Қазіргі таңдағы заманауи адам ақпарат көздерінен түрлі мәліметті бойына үнемі сіңіріп отырады, жаңа әрі пайдалы біліммен қатар құнсыз мәлімет те адам санасын улап жататыны анық. Қазіргі білім мекемелерінің, кітапханалардың, театrlардың ерекше әрі бай қоры бар, сондықтан мәдениет және білім ошақтары адамның тек құнды біліммен сусындауына мүмкіндік беретін жолды іздең, халыққа ұсынып келеді.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Жаңа экскурсияны дайындауға кімдер кіре алады?
2. Жаңа экскурсияны дайындау қанша сатыдан тұрады?
3. Экскурсияны дайындаудың 15 кезеңін көрсете аласыз ба?
4. Экскурсияның қызықты өтуіне бірінші кезекте не әсер етеді?

5. Нысан карточкасында қандай мәліметтер көрсетіледі?

**Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Савина Н.В., Горбылева З.М. Экскурсоведение: Учебное пособие. – Минск, 2004.
2. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. –М., 2002.
3. Райымханова К.Н., Қатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы. –А., 2001
4. Дькова Р.А. Основы экскурсоведения. –М.:1985.–255 с.
5. Гнедовский М.Б. Современные тенденции развития музеиной коммуникации//. Музееведения. Проблемы культурной коммуникации в музеиной деятельности. Сб науч. Трудов НИИК М., 1989.
6. Hooper-Greenhill E.A New Communication Languages Objects and Texts. Ed G. Kavanagh. Leicester Univ. Press 1991 p 53-60